

**Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын айқындау және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындалатын бюджеттік бағдарламаларды және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді айқындау туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 40/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 наурызда № 4997 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 18 қарашадағы № 368/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 18.11.2019 № 368/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Железин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Железин ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі тапсырыс берушілер үшін Железин ауданы бойынша мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы болып айқындалсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы орындалатын бюджеттік бағдарламалар және тауарлар, жұмыстар, қызметтер осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Тапсырыс берушілер, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тапсырыс берушілердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге қажетті құжаттарды мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыға ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді  
мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы орындалатын  
бюджеттік бағдарламалар және тауарлар, жұмыстар, қызметтер**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 30.01.2017 № 21/2 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 19.12.2018 № 418/11 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

р/ с №	Атауы
1	Аудандық жергілікті атқарушы органмен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды қарастыратын бюджеттік даму бағдарламаларының шеңберінде конкурс (аукцион) тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу
2	Сатып алуға бөлінген лоттың (жоспар тармағының) сомасы үш мың еселік айлық есептік көрсеткіштен асқан жағдайда, бірақ тиісті қаржы жылына белгіленген бір жүз мың еселік айлық есептік көрсеткіштен артық емес болса тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс (аукцион) тәсілімен сатып алулар